

"Алматы қаласының қарыздық міндеттемесі туралы" және "Алматы қаласының кепілдік қоры туралы" ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының ІІ сайланған Х сессиясының 2001 жылғы 25 мамырдағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 22 маусымда N 368 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының ХХ сессиясының 2009 жылғы 29 шілдедегі шешімімен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының ХХ сессиясының 2009.07.29 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ ЗРК Қазақстан Республикасы Заңының 6, 27-баптарына және "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" N 258-І ЗРК 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3,4-баптарына сәйкес ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **шешім қабылдады** :

ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының "Алматы қаласының қарыздық міндеттемесі туралы" және "Алматы қаласының кепілдік қоры туралы" ережелер бекітілсін, N 1, 2.

*ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының Х-сессиясының*

төрағасы

ІІ-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының хатшысы

І І - с а й л а н ғ а н

Алматы қалалық Мәслихатының
2001 жылғы 25 мамырдағы
Х-шы сессиясының шешіміне

N 1 қосымша

**"Алматы қаласының қарыз міндеттері туралы"
ЕРЕЖЕ**

Алматы қ. - 2001 жыл

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы 1997 жылғы 5 наурыздағы" Қазақстан Республикасындағы құнды қағаздар мен мәмілелерді тіркеу туралы", "Құнды қағаздар нарқы туралы (1997 жылғы 19 маусымдағы және 1997 жылғы 11 шілдедегі, 1998 жылғы 10 тамыздағы өзгерістерін қоса) 1997 жылғы 5 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына, басқа заң актілеріне сәйкес әзірленді және қарыз міндеттердің түсінігін, түрлерін, олардың шығуын, өзгеруін және тоқтауы мен шарттарын белгілейді, сондай-ақ Қарыз міндеттердің тәртібін, есебін және оның орындалуын бақылауды анықтайды.<*>

Ескерту. Мәтінге өзгерту енгізілді - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының III сессиясының 2003 жылғы 3 желтоқсандағы шешімімен .

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ережедегі пайдаланылатын түсініктер мыналарды мазмұндайды:

Қарыз міндеттерді шығару және қызмет көрсету - несие берушіге оның негізгі қарызы мен мүддесін (дисконттын), бұдан әрі - өтеудегі қарыз міндеттерінің **э м и с с и я с ы** ;

Дисконттық ставка - құнды қағаздар қарызын өтеу кезіндегі алынатын пайыз ставкасы немесе құнды сатып алулар мен нақты баға арасындағы айырмашылық;

Заем шарты - заем беруші заем алушының меншігіне қарыз міндеттерін (құнды қағаздарды) өтеуге ақша беретін шарт, ал заем алушы заем берушіге алған заем сомасын заем шартында көзделген тәртіптегі мерзімде оның мүддесі мен дисконттық ставкасын ескере отырып қайтаратын міндеттемесі;

Шарт міндеттемесі - эмитент (заем алушы) несие алғанда заем сомасы мен оны өтейтін мезгілі көрсетіліп берілетін құнды қағаз немесе құжат, облигация **ж ә н е** **б а с қ а л а р** ;

Кепілдік қор - қарыз міндеттерді қамтамасыз ету түріндегі пайдаланатын коммуналдық меншіктегі мүлік объектілерінің бекітілген тізбесі;

Несиелік шарт - осы бойынша банк немесе өзге несиелік институт (несиe беруші) заем алушыға шартта көзделген жағдайлардағы заем (несиe) беретіні жайлы шарт, ал заем алушы алған заемын (несиесін) қайтаруға және оның мүддесіне **т ө л е м** **т ө л е у г е** **м і н д е т т е н е д і** ;

Шекті көлем - қарыз міндеттерін шығаруға және қызмет көрсетуге белгіленген шек, оның көлемі Кепілдік қордың таза активі мен мүлкінің қарыздық бағасынан **50** пайыздан аспауы тиіс;

Тікелей заем - Алматы қаласы Әкімінің шешімі негізінде және оған сәйкес

Кепілдік қорының мүліктік объектілерін қамтамасыз ететін ішкі қалалық коммуналдық кәсіпорын жүзеге асыратын заем.

Ескерту: 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының III сессиясының 2003 жылғы 3 желтоқсандағы шешімімен .

2. Қарыздық міндеттер дегеніміз - Алматы қаласының (бұдан әрі - Қарыздық міндеттер) қазақстандық заңды және жеке тұлғалар алдындағы (ішкі қарыз міндеттері), сондай-ақ шет елдік және халықаралық ұйымдар, мекемелер мен жеке тұлғалар алдындағы (сыртқы қарыз міндеттері) міндеттерін айтамыз.

Коммуналдық кәсіпорындардың Кепілдік қорымен қамтамасыз етілмеген қарыз міндеттері, Алматы қаласының қарыз міндеттеріне жатпайды.

3. Қарыз міндеттері Кепілдік қорының таза активтері мен мүліктерімен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

4. Қарыз міндеттері өткен жылдардың қарыз міндеттері мен жаңадан қабылданған қарыз міндеттерінен тұрады.

5. Қарыз міндеттері мына негізде пайда болған міндеттер бойынша ұ с ы н ы л а д ы :

- Алматы қаласы Әкімінің атынан және тапсырмасы бойынша жасалған несиелер (оның ішінде тауарлық) шарттарымен;

- Алматы қаласы Әкімінің атынан (эмиссия) облигация, өзге эмиссиялық құнды қағаздар шығару жолымен жүзеге асырылатын қалалық заеммен;

- республикалық бюджеттен жергілікті бюджет алған қайтарылатын бюджет несиелерімен ;

- ішкі қалалық коммуналдық кәсіпорындар жасалған несиелік шарттармен;

- ішкі қалалық коммуналдық кәсіпорындар (эмиссия) облигация, өзге құнды шығару жолымен жүзеге асырылатын заеммен.

Ескерту: 5 тармаққа өзгеріс енгізілді - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының III сессиясының 2003 жылғы 3 желтоқсандағы шешімімен .

6. Қарыз міндеттері қысқа мерзімді (1 жылға), орта мерзімді (1 жылдан 10 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (10 жылдан жоғары) сипатта болады.

7. Қарыз міндеттерін шығару туралы шешімді Алматы қаласы Әкімінің ұсынысы бойынша Алматы қаласының Мәслихаты шығарады. Басым қарызгерлер арасындағы тиісті несиелік шарты мен адал бәсекелестікке сәйкес Қарыз міндеттерге қызмет көрсетуге шығындардың дұрыс жұмсалуды тұрғысындағы ұсыныстардың сараптап таңдау нәтижесіндегі шарттар бойынша заем қаражаттары тартылмайтын болса, онда шешім қабылданбайды.

8. Қарыз міндеттеріндегі эмитент (заемшы) несиелік берушінің (заем берушінің) талабы бойынша егер де заем берушінің пайдалануында болса, онда ол сол

кепілдік мүлікті сақтандыруға міндетті.

9. Қазақстан Республикасының аумағында Қарыз міндеттерін орындау кезінде Қарыз міндеттерінің валютасы, сондай-ақ шет ел валютасының жағдайы, шарты, пайдалану тәртібі шарт жағдайларымен анықталады, Қарыз міндеттерінің көрсеткіштері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес туындаған.

II. Қарыз міндеттерінің шекті көлемі мен Қарыз міндеттеріне қызмет көрсету шығысының шекті көлемі

10. Қарыз міндеттерінің шекті көлемі мен Қарыз міндеттеріне қызмет көрсету шығысының шекті көлемі кезекті қаржы жылына Алматы қаласының өкілетті органы бекітеді. Кезекті жылға шығарылатын қарыз міндеттері қарыз міндеттеріне қызмет көрсетуге қажетті ақша көлемін және болжамды эмиссияны, сондай-ақ қаржы жылында өткен эмиссияларды өтеуге жоспарды жабуы тиіс.

Егер де Алматы қаласының өкілетті органы қаржы жылына Қарыз міндеттерін бекітпеген жағдайда, онда Қарыз міндеттерінің шекті көлемінің мөлшері осы Ережеде белгіленген шарттарға сәйкес өткен жылдың көлемімен анықталады.

11. Ішкі қалалық коммуналдық кәсіпорындарының эмитенттеріне (заемшыларына) Қарыз міндеттерінің көлемі мен қызмет көрсету шегі Кепілдік қорының таза активінің нарықтық құнының 50 пайызынан аспауы тиіс.

12. Қарыз міндеттерінің шарттары қала Мәслихатының шешімімен бекітілген шекті көлемін ұлғайту тек қана Мәслихаттың шешіміне тиісті шешімдер енгізген соң ғана тұжырымдалады.

13. Алматы қаласының атқарушы органының эмитенттері (заемшылар) үшін Қарыз міндеттерінің көлемі мен қызмет көрсету шегі "Мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік қарыз беру және қарыз туралы" 1999 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 9 бабына сәйкес анықталады.

III. Қарыз міндеттерінің эмиссиясы

14. Қарыз міндеттерінің эмиссиясы туралы шешім эмиссияның негізгі жиынтығын мазмұндайды (құнды қағаз түрі, олардың айналу мерзімі, эмиссия көлемі), мұнда заемшы Алматы қаласы Әкімінің атқарушы органы болып табылады, Алматы қаласы атқарушы органының шешімімен қабылданады.

15. Қарыз міндеттерінің эмиссиясы туралы қаулы, мұнда заемшы коммуналдық кәсіпорны болып табылады, Алматы қаласы Коммуналдық меншікті басқару жөніндегі өкілетті органмен келісе отырып, экономика

жөніндегі өкілетті органның ұсынысы бойынша Қарыз міндеттерінің айналымы көлемін атқарушы орган бекіткен шегінде Алматы қаласының атқарушы органының шешімімен қабылданады.

16. Қарыз міндетін шығару, қызмет көрсету және өтеу шартын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Алматы қаласының атқарушы органы анықтайды.

IV. Қарыз міндеттерін ұйымдық-техникалық қолдау және мониторинг

17. Ұйымдық-техникалық қолдау (инвестициялық жобалар мен бағдарлама бойынша ақпарат жинау, инвесторлармен жұмыс ету, заем, кепілдік/ипотека шарттарын әзірлеу) және мониторинг (Алматы қаласы Қарыз міндеттерінің жағдайы) экономика жөніндегі өкілетті орган жүзеге асырады.

V. Қарыз міндеттері қаражатының түсу және жұмсау және Қарыз міндеттеріне қызмет көрсету және өтеу шығысының есебін ұйымдастыру

18. Қарыз міндеттері бойынша ақша қаражаты мен өзге мүліктің түсуі бухгалтерлік есептің қолданыстағы тәртібіне сәйкес Алматы қаласының бюджетінде нақты заемшылардың (коммуналдық кәсіпорындардың) есеп шотында көрсетіледі.

19. Ақша заем қаражатының шығысы, мұнда заемшы Алматы қаласының атқарушы органы болып табылады, қаржы жөніндегі өкілетті органның бақылауымен Алматы қаласы атқарушы органының қаулысымен жүргізіледі.

20. Қарыз міндеті бойынша ақша қаражатын немесе өзге мүлік алған коммуналдық кәсіпорын экономика жөніндегі өкілетті органға белгіленген үлгідегі көлемде және тәртіпте есеп береді (Қарыз міндеттерінің бірыңғай реестрі (N № 1 қ о с ы м ш а) .

21. Қарыз міндеттеріне қызмет көрсету және өтеу қаражаты қарызды қаржыландыру қаражатын қоса Алматы қаласы бюджетіндегі қарыз міндеттеріне қызмет көрсету және өтеу шығысы бөлек жолда коммуналдық кәсіпорындардың есеп шоттарында көрсетіледі, қабылданған міндеттерді толық орындағанша өзге мақсаттарға жұмсалынбайды.

VI. Қарыз міндеттерін есептеу және тіркеудің бірыңғай жүйесі

22. Қарыз міндеттерін есептеу және тіркеудің бірыңғай жүйесі, қарыз міндеттерінің ішкі және сыртқысының шекті көлемін (лимиттерін) орындауды, сондай-ақ оларды өтеуге және қызмет көрсетудің шекті көлеміне бақылау ж а с а й д ы .

23. Алматы қаласының Қарыз міндеттерінің жағдайын есепке алу және бақылау, мұнда заемшы коммуналдық кәсіпорын болып табылады, экономика жөніндегі өкілетті орган жүзеге асырады, бұлар Қарыз міндеттерінің бірыңғай реестрін жүргізеді (бұдан әрі - Бірыңғай реестр).

24. Бірыңғай реестр міндеттің көлемін, үлгісін, пайда болу күнін, орындалу мерзімі мен жағдайының нақты күнін, сондай-ақ өзге мәліметті көрсетеді.

Қарыз міндеттері туралы мәлімет, олардың орындалуы Бірыңғай реестрге өткізіледі, тиісті жұмыстарды атқарысымен, үш күннен қалмай жазылады.

25. Бірыңғай реестр мен мемлекеттік N 1-ЦБ (мем) үлгісіндегі көрсеткіш негізінде олардың қарыз міндеттерінің есебі мен орындалуы алынады, қала бюджетінің тиісті қаржы жылында орындалу құжатымен Алматы қаласының өкілетті органына беріледі.

26. Бірыңғай реестрдегі және N 1-ЦБ (мем) үлгідегі мәлімет құпия болып табылады. Жарияланатын мәліметтердің көлемі мен сипаттамасын Алматы қаласының атқарушы органы Қазақстан Республикасының заң талабына сәйкес анықтайды.

VII. Алматы қаласы коммуналдық кәсіпорындарының үшінші тұлға алдындағы қарыз міндеттері

27. Қаланың барлық коммуналдық кәсіпорындары, міндетті түрде рұқсат-қаулыны Алматы қаласының атқарушы органынан алады. Кепілдік қорының мүліктік объектілерін кепілдей отырып, несие/заем тартуға, оны үшінші тұлға алдындағы Қарыз міндеттерін тіркейді, Алматы қалалық коммуналдық меншікті басқару өкілетті органымен келісіп, экономика жөніндегі өкілетті органда тіркеледі.

28. Атқарушы орган осы ережені бұзып қабылдаған міндеттерге жауап бермейді.

VIII. Қарыз міндеттеріне қызмет көрсету және өтеу

29. Қарыз міндеттерін орналастыру, қаржыландыру, мүдде төлемінің шығысы мен кепілдікті тіркеу және сақтандыру нақты заемшы (Алматы қаласының атқарушы органы мен коммуналдық кәсіпорындар) қаражаты есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

30. Кепілдік қорымен қамтамасыз етілетін Қарыз міндеттеріне қызмет көрсету, мұнда заемшы Алматы қаласының атқарушы органы болып табылады, қаржы жөніндегі өкілетті орган болып табылады.

31. Кепілдік қорымен қамтамасыз етілетін Қарыз міндеттерінің шарттарын орындау мониторинг және оны орындауды үйлестіру Алматы қаласының Коммуналдық меншікті басқару жөніндегі өкілетті органмен бірлесіп, заемшы коммуналдық кәсіпорын болып табылады.

IX. Осы Ереженің күшіне енуі

32. Осы Ереже күшіне әділет органдарында ресми тіркелген күннен басталады, осы уақыттан бастап құқықтық қарым-қатынастарға тарайды.

33. Қарыз қорының қаражатымен қамтамасыз етілген Қарыз міндеттері осы Ереже күшіне енгенде, оның және Алматы қаласының басқа нормалық-өкілдік шешімдерінің талаптары орындалғанға дейін-ақ танылады.

Қосымша:

№ 1 қосымша - Заемдарды қарыз міндеттерінің
эмиссиясы арқылы тарту сызбасы/салымды
Кепілді қоры/ипотека пулымен
қамтамасыз етілген

№ 2 қосымша - Қарыз міндеттері есебінің бірыңғай
р е е с т р і

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты X-шы сессиясының
төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы*

Ипотека пулымен/салымды Кепілді қоры/қамтамасыз етілген заемдарды қарыз міндеттерінің эмиссиясы арқылы тарту сызбасы

1. Қарыз міндеттерінің эмиссиясы туралы қалалық Мәслихаттың шешімі.
2. Қарыз міндеттерінің эмиссиясы арқылы қалалық инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін заем қаражатын тарту қажеттілігі туралы Экономика комитетінің сараптық қорытындысы.
3. Инвестициялық жобаны жүзеге асыруға ресми рұқсат алу.
4. Инвестициялық жоба немесе бағдарламалар сараптауы.

5. Инвестициялық жоба немесе бағдарламаларды жүргізу үшін қажетті м ә л і м е т т е р ж и н а у .

6. Қарыз міндеттерін қамтамасыз ету ипотека/кепілдік шартын жасау және жылжитын және жылжымайтын кепілдік мүліктерін Өкілетті органда тіркеу, Қарыз міндеттерін сақтандыру мүлкі мен кәсіпкерлік тәуекелдерді қосымша қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды құнды қағаздар мен құқық қорғайтын құжаттарды сейфтерде сақтауға беру.

7. Қарыз міндеттерінің қор биржасының сауда алаңдары арқылы эмиссиясы (өтелуі) немесе басым несие берушіге (инвесторға) тікелей сату (сатып алу).

8. Эмиссиядан немесе Қарыз міндеттерін сатудан түскен ақша қаражаттары.

А л м а т ы қ а л а с ы
Қ а р ы з м і н д е т т е м е л е р і т у р а л ы
Қағидаға N 1 Қосымша

**Қарыз міндеттемелерінің айналымы арқылы ипотека
пулымен/кепілдік қорының кепілдігімен
қамсыздандырылған тікелей заемды тарту сызбасы**

		Өкілетті орган	
		1	
Қор биржасы	7	Эмитент- (Атқарушы орган/коммуналдық кәсіпорын)	2 Экономика жөніндегі уәкілдік орган (инвестиция жобаларының және бағдарламаларының менеджменті, кепілдік қорының құқықты жолдамасы)
	8	6 Коммуналдық	3 меншікті басқаратын уәкілдік орган
Институционалдық			4 5 Инвестициялық жобалар мен бағдарламалар
			и н в е с т о р л а р :
Банкілер			Қарыз міндеттемелерін
Зейнеткерлер			қамсыздандыратын
қоры			кепілдік қоры (мүлікті
КУПА			иеліктен айыруды тыйым
Сақтандыру			салуға растайды)
компаниясы			
	Қ о р	б и р ж а с ы н ы ң	
басқа да мүшелері	Банк кастодиан	Сақтандыру	Жылжыйтын

(Кепілдік қорының компаниясы және
құқықты құжаттарын (мүлікті жылжымайтын
Инвесторлар сақтаушы) сақтандыру мүлікті
(жергілікті сыртқы) және тіркейтін
кәсіпкершілік уәкілдік
тәуекелі- орган
сақтандыру
полисі)

А л м а т ы қ а л а с ы
Қарыз міндеттемелері туралы
Қағидаға N 2 Қосымша

**2001 жылдың _____ дейінгі мерзімдегі
Қарыз міндеттемелерінің бірыңғай тізілім есебі**

N	Эмитент тің аталуы	Қарыз міндеттемелерінің түрі	Валюта	Көлемі		заемалымының М е р зімі	Борышты өтеу мер зімі	өтел ген (дис конт тың мүддесін есеп ке алын ған)	қалдығы(дисконттың мүддесін еспе ке алын ғын)	ес керту
				негізгі қарыз	Мүдде /дис конт					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Барлығы										

Қарыз міндеттемелерінің бекітілген
шығарылу көлемі мен қызмет шегі _____ тңг.

Қарыз міндеттемелерінің шығарылған
және қызметінің қалдығы (10 бағ) _____ тңг.

Қарыз міндеттемелерінің бос

(артық) шығарылған көлем шегі мен қызметі _____ тңг.

Алматы қаласы Әкімі аппаратының Экономика комитетінің төрайымы: _____

Құқықты жолдамаға жауапты лауазымды тұлға: _____

Келісілген: _____ /Аты, жөні/ Коммуналдық меншікті басқару департаменті.

І І - с а й л а н ғ а н

Алматы қалалық Мәслихатының
2001 жылғы 25 мамырдағы

X-сессиясының шешіміне
N 2 қ о с ы м ш а

"Алматы қаласының кепілдік қоры туралы" ЕРЕЖЕ

Алматы қаласы - 2001 жыл

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне , Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі "Нотариат туралы" Заңына , Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы "Жылжымайтын мүлікті кепілдікке қоюды тіркеу туралы" Заңына , Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы "Жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы" Заң күші бар N№2723 Жарлығына , Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 желтоқсандағы "Жылжымайтын мүлікке құқықты және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" N№2727 Заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасының құжаттар мен құнды қағаздардың сақтауға қабылдануын реттейтін басқа да заңнамаға сәйкес Кепілдік қордың мүліктік заңдарын қалыптастырудың, пайдаланудың және олар бойынша қызмет көрсетудің тәртібін анықтайды.

I. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласының кепілдік қоры (әрі қарай - Кепілдік қор) инвесторлар - құнды қағаздарды сатып алушыларды қосымша кепілдіктермен қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік коммуналдық құнды қағаздар шығару арқылы тура заемдар және заемдар жүйесінің қосымша сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылғы 20 шілдедегі "Кепілдік қорды құру туралы" N 679 шешіміне сәйкес құрылды.

Ескерту: 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының III сессиясының 2003 жылғы 3 желтоқсандағы шешімімен .

2. Осы Ережеде қолданылатын түсініктер:

Құнды қағазды ұстаушы - көрсетілген соманы алуға құқығы бар құнды қағаздың иесі (несие беруші);

Борыштық міндеттеме - заем (несие) алу кезінде эмитент (заемшы) заем берушіге (несие беруші) беретін борыштық құнды қағазы, онда заемның сомасы және оны өтеудің мерзімі көрсетіледі. Осы құжат бойынша заемшы заемды келісілген мерзімде қайтаруға міндеттенеді, ал заем беруші (несие беруші) заемшыдан осы мерзім біткен соң, оны өндіріп алу құқығына ие болады;

Кепіл шарты - борышкер кепілдік міндеттемемен қамтамасыз етіле отырып, өз міндеттемесін орындамаған жағдайда несие беруші (кепілді ұстаушы) басқа несие берушілер алдында кепілдікке қойылған мүліктің құнын артықшылыққа ие бола отырып өндіріп алу құқығын беретін шарт;

Заем шарты - заем беруші кепілдік міндеттемелерді (құнды қағаздарды) өтеу үшін заемшының меншігіне беретін шарт, ал заемшы мүддені немесе дисконттық ставканы ескере отырып, заем шартында көрсетілген мерзімде және тәртіпке сәйкес алған заемының сомасын заем берушіге қайтаруға міндеттенеді;

Сақтау шарты - сейфті жалға алу туралы банк-кастодианмен жасалған шарт, борыштық міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін Кепілдік қордың нысандары бойынша құқық беретін құжаттарды, банк-кастодианға қосымша -нұсқаулықты міндетті түрде қоса бере отырып сақтауға және сол күйінде қайтаруға міндеттенеді;

Біртұтас тізбе - Борышкерлік міндеттемелердің портфелінің есебін және жағдайын көрсететін белгіленген үлгідегі құжат;

Закладная - кепілдік қорға енгізілген жылжитын және жылжымайтын мүліктің кепілдікке берілгені туралы құжат, заемшы өз борышын мерзімінде өтей алмаған жағдайда, несие берушіге кепілдікке қойылған мүлікті саудалау кезінде сатуға құқық береді;

Кепілдік қор - Борышкерлік міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын коммуналдық меншік нысандарының бекітілген тізімі;

Кепіл беруші - кепілдікке қойылатын зат бойынша мүлікке шаруашылық

жүргізуге меншік құқығына ие адам;

Кепілді ұстаушы - заемшы (борышкер) кепілдік міндеттемесін орындамаған жағдайда, кепілдікке қойылған мүліктің құнынан өз талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, осындай құқыққа ие несие беруші;

Банк-кастодианға нұсқаулық - эмитенттің (заемшы) және құнды қағазды (несие беруші) ұстаушыға арналған, банк офицеріне арналған, құнды қағазды қамтамасыз ету үшін сейфте сақталатын мүліктік талаптар мен олар бойынша құқықтарды кімге және қандай жағдайда беру қажеттігі көрсетілетін бірлескен нұсқаулық ретінде пайдаланылатын сақтау - сейфті жалға алу туралы Шартқа қ о с ы м ш а ;

Ипотека - кепілдік қор нысандарының құрамына енгізілген жылжымайтын мүлік (жер учаскелері) кепілдігі;

Несие шарты - шарт, осы құжат бойынша банк немесе басқа да несие институты (несие беруші) шартта көрсетілген мөлшерде және қағидаларға сәйкес заемшыға заемды (несие) беруге міндеттенеді, ал заемшы заемды (несиені) қайтаруға және ол бойынша мүдделілік құнын төлеуге міндеттенеді;

Кепілдік міндеттемені қамтамасыз ету - заем берушіге (несие берушіге) кепілдікке беруге қойылған кепілдік қордың нысандары және олар бойынша құқықтар және/немесе кепілдік берген адамға кепілдікке қарсы қойылған н ы с а н д а р ;

Облигациялық заем - облигация үлгісінде заемшы арқылы борышкерлік міндеттемелер шығару жолымен қаржы ресурстарын жинақтау әдісі;

Тура заем - Алматы қаласы атқару органының шешіміне (қаулысына) сәйкес және кепілдік қордың нысандарын қамтамасыз ету үшін коммуналдық кәсіпорын арқылы жүзеге асырылатын заем;

Ипотека пулы - борышкерлік міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын Кепілдік қордың жылжымайтын мүлкінің квотасы;

Құнды қағаздың эмитенті - құнды қағазды, төлем - есеп айырысу құжаттарын шығарып, айналымға жіберген және құнды қағазды ұстаушы алдында өзіне міндеттемелер жүктейтін Алматы қаласының атқару органы, коммуналдық кәсіпорны.

Ескерту: 2 тармаққа өзгеріс енгізілді - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының III сессиясының 2003 жылғы 3 желтоқсандағы шешімімен .

3. Кепілдік қордың қажетіне қарай жаңартылатын және толықтырылатын коммуналдық меншік нысандарының және олар бойынша құқықтарының тізімі б о л а д ы .

4. Ақша қаражаттарының жеткіліксіздігі деп міндеттемелерді өтеудің мерзіміне қарай және олар бойынша мүдделілік құнын төлейтін мерзімде ақша қаражаттарының болмай қалуы немесе болжанып отырған төлейтін уақыттан 3

ай бұрын ақша қаражаттарының жеткілікті түрде болмай қалуы.

II. Кепілдік қорды қалыптастырудың тәртібі

5. Кепілдік қор былайша қалыптастырылады: оның құрамына енетін нысандардың және олар бойынша мүліктік құқықтардың тәуелсіз бағалаушылар белгілеген жалпы құны аталған нысандарды және мүліктік құқықтарды ашық аукционда сататын жағдайда, мүліктік қордың құрамына енетін кепілдік нысандар мен мүліктік құқықтарды сатудың есебінен заемдардың міндеттемелері бойынша қызмет көрсету шығынының мөлшеріндей болуы тиіс.

6. Кепілдік қордың құрамына енгізілген коммуналдық меншік нысандарының және олар бойынша мүліктік құқықтардың тізімі Алматы қаласы атқару органының Қаулысымен Алматы қалалық Коммуналдық меншікті басқару жөніндегі өкілетті органның ұсынуына сәйкес бекітіледі.

7. Кепілдік қордың құрамына енетін мүліктік нысандардың және олар бойынша құқықтардың тізімі реквизиттердің келесі тізбесіне міндетті түрде енгізіле отырып қалыптастырылады:

- нысанның аталуы;
- пайдалану бағыты;
- орналасқан мекен-жайы;
- нысанның негізгі сипаттамасы;
- нысанды сипаттайтын басқа да елеулі жағдайлар.

Аталған тізім заемшыға (эмитент) мәлім болатын ақпараттың құрамына енеді және мезгіл-мезгіл бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялауға жатады.

III. Мүліктік қордың құрамы

8. Мүліктің қордың құрамына енгізілетін коммуналдық меншік нысандарына мыналар жатады:

- Жылжымайтын мүлік - коммуналдық меншік нысандары (ғимараттар, құрылғылар, кәсіпорындар);
- жылжымайтын мүлік (акциялар, облигациялар немесе басқа да құнды қағаздар, ақша қаражаттары және басқа да активтер);
- мүліктік құқықтар.

Ескерту: 8 тармаққа өзгеріс енгізілді - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының III сессиясының 2003 жылғы 3 желтоқсандағы шешімімен .

9. Кәсіпорынды немесе басқа да мүліктік кешенді Мүліктік қорға енгізу

кезінде: мүліктің құрамына енетін барлығы (жылжымалы және жылжымайтын) талап ету құқықтарын және басқа да ерекше құқықтарды қоса алғанда, кепілдік қорға енгізілген болып саналады.

10. Ғимараттарды немесе құрылғыларды Кепілдік қорға енгізуге тек қана осы ғимарат немесе құрылғы орналасқан жер учаскесін немесе нысанды күтіп-ұстауды және пайдалануды қамтамасыз ететін осы жер учаскесінің бір бөлігін, сонымен бірге жер учаскесін жалдау құқығын қоса алғанда, Кепілдік қорға бір мезгілде енгізе отырып жол беріледі.

11. Кепілдік қорға енгізу үшін коммуналдық меншік нысандарын іріктеген кезде бірінші кезекте келесі сипаттар ескеріледі:

- нысанның заңды мәртебесі (нысанға арналған меншік құқығын растайтын құжаттардың болуы, нысанның коммуналдық меншік ретінде мемлекеттік т і р к е л у і) ;

- оны жүзеге асыруға шектеулердің (өзгеге беруге тыйым салу) осы нысанда б о л м а у ы ;

- нысанның нарықтық құнының негізділігі.

12. Кепілдік қордың құрамына енгізілген жылжымайтын мүлік ипотекасының шарттары, жылжымайтын мүлік бойынша жасалатын мәмілелерді тіркейтін өкілетті органда заңда белгіленген тәртіпке сәйкес тіркеледі.

13. Кепілдік қордың құрамына енгізілген кепілдікке қойылған жылжымайтын мүлік жөніндегі шарттар Әділет министрлігінің кепілдікке қойылған жылжитын мүліктің жекелеген түрлерін тіркеу жүктелген органдарында міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жатады.

14. Банк-кастодианға сейфтік сақтауға закладнойларды беру құқық беретін құжаттардың түпнұсқаларының және олардың тізімдері, қойылған қолдар мен мөрлердің, сейфке қойылған орны, күні және уақытының тіркелгені міндетті түрде расталып, жүзеге асырылады.

IV. Кепілдік қордың құрамына енетін коммуналдық меншік нысандарын пайдалану

15. Алматы қаласының атқару органы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін өзінің қаражаттары жеткіліксіз болған жағдайда, бұл мәселені қарауды Алматы қаласының өкілетті органының мәжілісіне ұсынады, бұл орайда бюджеттің ағымдағы жағдайын сипаттайтын материалдарды, алдағы жылға жасалған болжамдық бағалауларды, қажетті заем қаражаттарының мөлшерін қоса тапсырады. Тапсырылған материалдардың негізінде Алматы қаласының өкілетті органы тиісті шешім қабылдайды:

- кепілдік қордың құрамына енетін мүліктік нысандарды сату туралы;

- коммуналдық меншік нысандарын кепілдік қамтамасыз ету мақсатында несие ресурстарын алу туралы. Осы шешім тек қана кепілдік қордың нысандары бойынша қабылданады.

16. Алматы қаласының өкілетті органының жетпей тұрған ақша қаражаттарының орнын толтыру үшін несие ресурстарын тарту туралы шешімі негізінде Уәкілетті орган Алматы қаласының атқару органының атынан банк немесе басқа да қаржы институттарымен, сонымен бірге шет елдік банкілермен олардан заем алу туралы тиісті шарт жасасады. Бұл орайда Алматы қаласының коммуналдық меншігін басқару жөніндегі өкілетті орган Алматы қаласының өкілетті органының атынан осы аталған мекемелермен ипотека шартын, кепілге қою шартын және/немесе құнды қағаздардың немесе кепілдік қордың құрамына енетін нысандардың санатынан несиелер (заем беру) бойынша Борышкерлік міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін закладнойлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін сейфті жалға алу кастодиандық шартты жасасады.

17. Несиe ресурстарын тарту туралы немесе Кепілдік қордың құрамына енетін нысандарды сату жөніндегі шартты жасасу қажет ақша қаражаттардың орнын уақтылы толтырып отыру мақсатында тиісті мерзімде жүзеге асырылады.

18. Заемшы ретінде қаланың атқару органы іс-әрекет жасайтын тартылатын несиe ресурстарын кепілдік қамтамасыз ету үшін кепілдік қордың құрамына енетін, сатуға жататын нақты нысандардың құрамы туралы түпкілікті шешімді Алматы қаласының атқару органының ұсынуымен өкілетті орган арқылы қабылданады. Заемшы ретінде коммуналдық кәсіпорындар іс-әрекет жасайтын жағдайда нысанды сату немесе кепілдікке беру туралы шешімді Кепілдік қорына кіретін нақты нысандар шегінде Алматы қаласының атқару органы қабылдайды.

19. Алматы қаласының атқару органының қаулысына сәйкес Кепілдік қордың құрамынан нысанды сату қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен жұртшылыққа жариялы түрде саудалауды ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады.

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты X-шы сессиясының
төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы*